

ПАЙДАЛАНУШЫ КЕЛІСІМІ

Осы Пайдаланушы келісімі (бұдан әрі – **Келісім**) бөлшек қарыздарға қызмет көрсету шеңберінде Банктен қызмет алу кезінде жеке тұлғаның (бұдан әрі – **Пайдаланушы**) «ForteBank» АҚ-ында БСН 990740000683 (бұдан әрі – **Банк**) жасанды интеллект жүйесін пайдалану талаптарын айқындайды.

Осы Келісім - бөлшек қарыздарға қызмет көрсету шеңберінде Банк қызметтерін алу үшін тиісті функционал қолжетімді болған кезде жасанды интеллектіні пайдалануға бағытталған оның талаптарының толық және сөзсіз қабылдануы (акцепт) болып табылады.

Банк интернет-ресурста орналастыру арқылы Келісімнің жаңа редакциясын Пайдаланушының назарына жеткізе отырып, кез-келген уақытта осы Келісімді өзгертуге құқылы. Егер Банк оны жариялау кезінде өзгерістердің басқа күшіне ену мерзімін белгілемесе, Келісімнің жаңа редакциясы интернет-ресурста жарияланған кезден бастап күшіне енеді.

Келісімнің қолданыстағы редакциясы жалпы қолжетімді түрде <https://forte.kz> мына мекенжайында орналастырылған. Егер Пайдаланушы осы Келісімге енгізілген өзгерістер жарияланғаннан кейін жасанды интеллект жүйесін пайдалануды жалғастырса, ол Келісім талаптарына енгізілген өзгерістерді сөзсіз қабылдаған болып есептеледі. Пайдаланушы жасанды интеллект жүйесінің функционалын пайдалану мүмкіндігі тек қана «бұрынғыдай» қағидаты бойынша жүзеге асырылатынын түсінеді және оған келіседі. Яғни, Пайдаланушы жүгінген сәтте интернет-ресурсте ұсынылған функционалдың көлемі мен мазмұны, ақпараттық толықтырылуы, интерфейсі, дизайны, өзге де құрамдас бөліктері және пайдалану шарттары сол күйінде сақталады және оларды Пайдаланушының еркі бойынша өзгерту техникалық тұрғыдан мүмкін емес.

Келісімнің мәтіні бойынша пайдаланылатын терминдер мен анықтамалардың мынадай мағынасы бар:

1) жасанды интеллект (бұдан әрі мәтін бойынша - ЖИ) - адамға тән когнитивтік функцияларды имитациялауға деген функционалдық қабілет, бұл қабілет адамның зияткерлік қызметінің нәтижелеріне шамалас немесе олардан асып түсетін нәтижелерді қамтамасыз етеді;

2) МИБ - Банктің мобильді интернет банкингі;

3) жасанды интеллект жүйесі - жасанды интеллектінің бір немесе бірнеше моделінің негізінде жұмыс істейтін ақпараттандыру объектісі;

4) ЖИ жүйесін пайдаланушы (бұдан әрі - Пайдаланушы) - бөлшек қарыздарға қызмет көрсету шеңберінде Банктің қызметтерін алу кезінде жасанды интеллект жүйесін пайдаланатын тұлға;

Келісімнің мәтінінде қолданылатын басқа да ерекше терминдер мен белгілер Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген мағынаға сәйкес пайдаланылады.

1. Жалпы ережелер

1.1. Техникалық мүмкіндік болған кезде, Банк Пайдаланушыға ЖИ жүйесінің функционалын пайдалануға, сондай-ақ деректерді қорғау және құпиялылық талаптарын сақтауға мүмкіндік береді, тек жеке деректерді заңсыз жинауды, сақтауды және таратуды қоспағанда.

1.2. Банктің қызметтері ЖИ жүйелерін пайдалана отырып көрсетілетіні туралы Пайдаланушыларға хабарлануы тиіс.

1.3. Пайдаланушы автоматтандырылған өңдеудің тәртібі және оның салдары туралы, автоматтандырылған өңдеуге қарсылық білдіру мүмкіндігі туралы, сондай-ақ өз құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау тәртібі туралы хабардар болуға құқылы.

1.4. Банк Пайдаланушыға МИБ арқылы электрондық түрде жасалған әрекеттер туралы хабарлама бере алады.

Пайдаланушы осы Келісімді қабылдай отырып, Пайдаланушының дербес деректерін өңдеуге келісім берудің тәртібіне толық және сөзсіз келісімін білдіреді.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2.1. Банк міндетті:

1) техникалық мүмкіндік болған кезде, Банк берген рұқсаттың шеңберінде Пайдаланушыға ЖИ жүйесінің функционалына қолжетімділік беруге;

2) пайдалану басталғанға дейін Пайдаланушыларға ЖИ жүйесінің пайдаланушы келісімімен танысуға мүмкіндік беруге;

3) егер қызмет көрсету немесе шешім қабылдау кезінде ЖИ жүйелері пайдаланылса, ол туралы Пайдаланушыны хабардар етуге;

4) ЖИ жүйесінің өмірлік циклының барлық кезеңінде, Банкке байланысты көлемде және тәртіпте ЖИ жүйесін тұрақты бақылауды қамтамасыз етуге;

5) рұқсат етілмеген кіруден, олардың жұмысындағы іркілістерден қорғауды қоса алғанда, ЖИ жүйелерінің қауіпсіздігі мен сенімділігін қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдауға;

6) Пайдаланушылардың қауіпсіздігіне, құқықтарына, бостандықтары мен заңды мүдделеріне, қоғамдық тәртіпке әсер ету дәрежесіне қарай ЖИ жүйесіне құжаттаманы ЖИ жүйесіндегі құжаттамалар тізбесіне сәйкес жүргізуге;

7) Пайдаланушыларға ЖИ жүйелерінің жұмыс істеу мәселелері бойынша қолдау көрсетуге;

8) ЖИ жүйелерінің қызмет нәтижелерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге міндетті.

2.2. Банк құқылы:

1) ЖИ жүйесін пайдаланудың талаптары мен шектеулерін айқындауға;

2) ЖИ жүйесіне өз құқықтарын қорғау жөніндегі шараларды іске асыруға;

3) зардап келтіру немесе Банк заңнамасын бұзу қатері анықталған кезде, ЖИ жүйесін пайдалануды тоқтата тұруға немесе тоқтатуға.

2.3. Пайдаланушы міндетті:

1) ЖИ жүйелерін Банк берген рұқсаттың шеңберінде ғана пайдалануға;

2) ЖИ жүйелерін пайдалану кезінде белгіленген ережелер мен қауіпсіздік шараларын сақтауға міндетті.

2.4. Пайдаланушы құқылы:

1) ЖИ жүйесінің пайдаланушы келісімімен танысуға;

2) өзінің дербес деректерін және ЖИ жүйесі өңдейтін құпия ақпаратты қорғауға;

3) ЖИ жүйелерін пайдалана отырып жасалған зияткерлік меншік құқығы объектілеріне қатысты өз құқықтарын қорғау шараларын жүзеге асыруға;

4) пайдаланушы келісінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіп бойынша, оның құқықтарына, бостандықтары мен заңды мүдделеріне қатысты ЖИ жүйесі қызметінің нәтижелері туралы Банктен түсіндірме алуға;

5) Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасының талаптарын, ақпараттың құпиялылығын және коммерциялық құпияны қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды ескере отырып және пайдаланушы келісінде көзделген көлемде, ЖИ жүйесі шешім қабылдауға негіз болған деректер туралы ақпарат сұратуға;

6) Қазақстан Республикасының заңдарында осындай өзара іс-қимылдың міндеттілігі белгіленбеген жағдайларда, ЖИ жүйесімен өзара іс-қимылдан бас тартуға.

3. Деректерді және құпиялылықты қорғау

3.1. Дербес деректерді заңсыз жинауды, сақтауды және таратуды қоспағанда, Банк деректерді қорғау және құпиялылық талаптарын сақтай отырып, ЖИ жүйелерін пайдалана алады.

3.2. ЖИ жүйелерін пайдалану барысында, олардың қауіпсіз жұмыс істеуі мақсатында Банк дербес деректерді қорғайды, оларды өңдеуді ЖИ жүйелері жүзеге асырады, сондай-ақ үшінші тұлғалардың дербес деректерге рұқсатсыз қол жеткізуін болдырмау және Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтай отырып алынған сапалы және репрезентативті деректер жинақтарын пайдалану жөнінде шаралар қабылдайды.

4. Қауіпсіздік және қорғану

4.1. Банк күтпеген салдарларға немесе теріс мақсатта пайдалануларға жол бермейтін қауіпсіздік пен сенімділік талаптарын сақтай отырып, ЖИ жүйелерін құруға және пайдалануға тиіс.

4.2. ЖИ жүйелері қызметінің нәтижелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес болуы керек.

4.3. Ықтимал қатерлердің алдын алу мақсатында Банк осындай қатерлерді болдырмау үшін шаралар қабылдай отырып, ЖС жүйелерінің тәуекелдерін басқаруды жүзеге асыруға міндетті.

5. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (форс-мажор)

5.1. Тараптар Келісім бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады, егер орындалмауы және/немесе тиісті түрде орындалмауы еңсерілмейтін күш жағдайларының (форс-мажор) салдары болса.

5.2. Тараптар еңсерілмейтін күш жағдайлары деп - Келісімге қол қойылғаннан кейін орын алған төтенше сипаттағы оқиғаларды, атап айтқанда жергілікті болып жатқан соғысты және соғыс қимылдарын, табиғат және басқа да апаттарды, Қазақстан Республикасының заңнамалық және/немесе атқарушы билік органдарының, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Келісімнің мәніне тікелей байланысты қызметті шектейтін немесе оған тыйым салатын әрекеттеріне байланысты жұмыстың болмауын, аталғандардың салдарынан Шарт бойынша міндеттемелерді уақытында орындау мүмкіндігінің болмауын, жұмыс істемеуді, ЖИ жүйелерінің жұмысында ақаулар мен қателердің пайда болуын, ЖИ жұмысын қамтамасыз ететін байланыс желісінің бұзылуын айтады. Тараптар өз міндеттемелерін тиісінше орындау үшін жағдайларды тезірек қалпына келтіру үшін өздеріне байланысты барлық күш-жігерді қабылдауға міндеттенеді.

6. Дауларды шешу тәртібі

6.1. ЖИ жүйелерін пайдалануға байланысты сауалдар болған кезде Пайдаланушы Келісімде көрсетілген мекенжай бойынша жазбаша/электрондық нысанда шағым/хабарлама/өтініш жіберуге құқылы. Банк Пайдаланушының өтінішін Банктің ішкі құжаттарында, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіп бойынша қарайды.

6.2. Келісімді іске асыру барысында Банк пен Пайдаланушы арасында туындауы мүмкін даулар мен келіспеушіліктерді ықыластық және өзара келісу қағидаттары негізінде реттеуге Тараптар барлық қажетті күш-жігерлерін салады.

6.3. Банк пен Пайдаланушы арасында келісімге қол жеткізілмеген келіспеушіліктер мен даулар Қазақстан Республикасының сот органдарының қарауына берілуі мүмкін.

6.4. Келісімде көзделмеген барлық қалған жағдайда Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

7. Басқа талаптар

7.1. Пайдаланушы Банктің Пайдаланушы ұсынған және/немесе Банк ЖИ функционалын пайдалану шеңберінде жинаған Пайдаланушының кез-келген түрдегі дербес, биометриялық және барлық заңды көздерден жинаған басқа да деректерін (бұдан әрі – Деректер) жинау, өңдеу, растау және тексеру бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған кез келген іс-қимылды/шараларды жүзеге асыруына/қолдануына, қолда бар Деректерде қандай да бір әртүрлі оқылым немесе өзгеріс анықталған жағдайда — нақтыланған және/немесе шынайы әрі өзекті Деректерді алуға (жинауға), өңдеуге, растауға және тексеруге өз келісімін береді.

7.2. Пайдаланушы <https://forte.kz> мекенжайы бойынша Банктің ресми сайтына орналастырылған Дербес және өзге де деректерді жинауға және өңдеуге келісімнің нысаны бойынша Деректерді жинауға, өңдеуге өз келісімін береді, құжатпен танысқанын, оның мазмұнын түсінгенін және қабылдайтынын растайды, сондай-ақ онда көрсетілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізудің тәртібіне келіседі.

7.3. Осы Келісімнің мәтіні мен Банктің клиенті болып табылатын Пайдаланушымен жасалған басқа да шарттардың/келісімдердің талаптары арасында қайшылық немесе сәйкессіздік анықталған жағдайда, соңғысының шарттары басым күшке ие болады.

7.4. Келісім Пайдаланушы оның талаптарын қабылдаған сәттен бастап (жоғарыда кіріспеде сипатталғандай) және мерзімсіз қолданылады.

Банк деректемелері

Пошта индексі: Z05P1P0/010017,

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Достық көшесі, 8/1.

Телефон: +7 (717) 258-40-40 Факс: +7 (717) 259 67 87

e-mail info@fortebank.com

БСК IRTYKZKA

БСН 990740000683